

**Қазақстан Республикасының Көлік министрлігінің Қазақстан Республикасының
Көлік инспекциясының ережесін бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 5 сәуір
N 257. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.12.23. N 1322
қаулысымен

"Қазақ КСР-індегі кәсіпорындар туралы" Қазақ КСР-інің Заңына
толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 23
желтоқсандағы Заңына және Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің "Қазақ
КСР-інің Көлік министрлігінің мәселелері туралы" 1991 жылғы 8 сәуірдегі N 224
қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы
е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Қазақстан Республикасы
Көлік инспекциясы құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Қазақстан
Республикасының Көлік инспекциясы туралы қоса берілген Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі
Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 5 сәуірдегі
N 257 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасы Көлік Министрлігінің
Қазақстан Республикасының Көлік инспекциясы туралы
Е р е ж е

1. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Қазақстан
Республикасының Көлік инспекциясы (бұдан былай -Көлік инспекциясы)
Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 сәуірдегі N 257
P930257_ қаулысымен құрылған және ол заңды ұйым құқығымен Қазақстан
Республикасы Көлік министрлігінің жүйесіне кіреді.

2. Көлік инспекциясының басты міндеттері Қазақстан Республикасының
Көлік министрлігі құзырының шеңберінде темір жол, теңіз, әуе, автомобиль және
өзен көліктерін пайдаланған кезде көлік заңдарының, қауіпсіздік ережелері мен
экологиялық талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру,

сонымен қатар көлік процесін жүзеге асыруға байланысты барлық көлік түрлеріндегі тасымал, көлік-экспедициялық және басқа қызметті лицензиялау б о л ы п т а б ы л а д ы .

3. Көлік инспекциясы өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

- Қазақстан Республикасының аумағында өз құзырының шеңберінде көлік кешенінің қызмет тәртібін айқындайтын заң және заңға сәйкес актілерін меншік нысаны мен ведомстволық қарастылығына қарамастан заңды ұйымдардың сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

- меншік нысаны мен ведомстволық қарастылығына қарамастан заңды ұйымдарға лицензиялар береді әрі лицензия бергенде көліктің барлық түрлеріне байланысты көлік пен басқа да көрсетілетін қызмет нарығының қалыпты жұмысы үшін жағдай жасалуын, сондай-ақ көлік пен қатынас жолдарын пайдаланушы тұтынушылардың мүддесінің қорғалуын қамтамасыз етеді;

4. Көлік инспекциясы өз қызметінде Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

5. Көлік инспекциясы өзіне жүктелген міндеттерді облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының жергілікті атқару органдарымен, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мемлекеттік автомобиль инспекциясымен, сондай-ақ инспекциялармен және регистрлермен өзара байланыста шешеді, олардың жұмысында қосарластыққа жол бермейді.

6. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі жергілікті атқару органдарымен келісе отырып, облыстарда - облыстық және Алматы мен Ленинск қалаларында - қалалық Көлік инспекциясы бөлімшелерін құрады.

Облыс орталықтарынан біршама қашық орналасқан көлік құралдары көп шоғырланған қалалар мен аудан орталықтарында сонымен қатар облыстық Көлік инспекциясы бөлімшелерінің филиалдары ашылуы мүмкін.

7. К ө л і к и н с п е к ц и я с ы н ы ң :

- Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Ұлттық хауіпсіздік комитеті мен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі органдарының кәсіпорындарын, мекемелері мен ұйымдарын қоспағанда меншік нысаны мен ведомстволық қарастылығына қарамастан көліктің барлық түрлерінде тасымал, көлік-экспедициялық және басқа қызметті жүзеге асыратын заңды ұйымдардың көлік пен қатынас жолдары қызметінің тәртібін айқындайтын көлік заңдарының қағидаларын сақтауы хақындағы жұмысын тексеруге, инспекцияның өзіне жүктелген міндеттерін орындауына қажет мәліметтерді олардың беріп тұруын т а л а п е т у г е ;

- белгіленген тәртіп бойынша көлік жүргізушілердің жол жүргенде тасымал

құжаттары мен лицензиялық карточкаларының болуына тексерісті жүзеге асыруға лицензиялық кәртiшкелер беру тегiн жүргiзiледi;

- көлiк кешенiнiң қызметiн реттейтiн көлiк заңдары ережелерiнiң сақталуын тексеру үшiн меншiк нысанына қарамастан заңды ұйымдардың келiсiмiмен
м а м а н д а р т а р т у ғ а ;

- лицензиялық нормалар мен ережелердi бұзғаны үшiн меншiк нысаны мен ведомстволық қарастылығына қарамастан заңды ұйымдарды лицензиядан айыруға немесе тәртiп бұзушылық жойылғанша оның күшiн тоқтата тұруға;

- көлiк процесiн жүзеге асыруға байланысты тасымал, көлiк-экспедициялық және басқа да қызметтердi орындаудың лицензиялық тәртiбi жөнiнен көлiк заңдарының талаптарын бұзғаны үшiн белгiленген тәртiппен экономикалық жаза
ш а р а л а р ы н қ о л д а н у ғ а ;

- көлiк пен қатынас жолдары қызметiнiң тәртiбiн айқындайтын заңдар мен заңға сәйкес актiлердiң, стандарт пен нормалардың бұзылғандығы жөнiнде актiлер жасап, мiндеттi пәрмендер беруге, бұл туралы соңынан пәрмен берушi көлiк инспекциясы органдарына хабар беруге, ал мұндай пәрмендерге байланысты тиiстi шаралар қолданылмаса айыпты адамдарды заңдарда көзделгендегiдей жауапкершiлiкке тартуға;

- облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының жергiлiктi атқару органдарына, министрлiктерге, ведомстволарға және право қорғау органдарына айыпты адамдарды жауапкершiлiкке тарту туралы, сондай-ақ көлiктегi оқиғаларда, көлiктi пайдалану ережелерi мен экологиялық талаптарды бұзуды болдырмау шаралары туралы ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.07.09. N 651
қаулысымен. Р 9 8 0 6 5 1 _

8. Көлiк инспекциясына жүктелген бақылау және басқадай мiндеттердi орындау тәртiбi туралы нұсқауды Қазақстан Республикасының Көлiк министрi б е к i т е д i .

9. Көлiк инспекциясының облыстық және қалалық бөлiмшелерiнiң және олардың филиалдарының шешiмдерiне жасалған шағым Қазақстан Республикасының Бас көлiк инспекторына берiледi, ал Бас көлiк инспекторының шешiмiнiң үстiнен Қазақстан Республикасының Көлiк Министрiне берiледi.

Көлiк инспекциясының шешiмдерiне белгiленген тәртiппен сот органдарына
ш а ғ ы м ж а с а л у ы м ү м к i н .

10. Көлiк инспекциясына Қазақстан Республикасының Бас көлiк инспекторы б а с ш ы л ы қ е т е д i .

11. Көлiк инспекциясының облыстық, Алматы және Ленинск қалалық бөлiмшелерiне Қазақстан Республикасының Бас көлiк инспекторы тиiстi

жергілікті атқару органдарымен келісе отырып тағайындайтын және қызметінен босататын бастықтар басшылық етеді, олар лауазымы бойынша облыстардың (қалалардың) бас көлік инспекторлары болып табылады.

Көлік инспекциясының облыстық бөлімшелерінің филиалдарына көлік инспекциялары облыстық бөлімшелерінің бастықтары тиісті жергілікті атқару органдарымен келісе отырып тағайындайтын және қызметінен босататын бастықтар басшылық етеді, олар лауазымы бойынша аудандардың бас көлік инспекторлары болып табылады.

12. Көлік инспекциясын, оның бөлімшелері мен филиалдарын ұстауға жұмсалатын шығыс сметасын Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі бекітеді.

Көлік инспекциясының құрылымы мен штат кестесін Қазақстан Республикасының Көлік министрі бекітеді, ал оның бөлімшелері мен филиалдарының құрылымы мен штат кестесін Қазақстан Республикасының Бас Көлік инспекторы бекітеді.

ЕСКЕРТУ. 12-тармақтың 1-абзацы алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1998.07.09. N 651 қаулысымен. P980651_

13. Көлік инспекциясының, оның облыстық және қалалық бөлімшелерінің банктерде есептесу және бюджеттік шоттары, ал олардың филиалдарының банктерде ағымдағы шоттары болады.

14. Көлік инспекциясы қызметкерлерінің арнайы куәліктері болады.

15. Көлік инспекциясының, оның облыстық және қалалық бөлімшелерінің, сондай-ақ олардың жергілікті филиалдарының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гербі бейнеленген әрі өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

16. Қазақстан Республикасының Көлік инспекциясын Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті таратады.